

Қазақстан Республикасында валюта нарығын дамыту жөніндегі шұғыл шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 31 желтоқсан N 1484. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677 Жарлығымен. ~U010677

Қазақстан Республикасының өтімді валюта нарығын қалыптастыру, теңгенің қайтымдылығын қолдау және банк секторында бәсекені дамыту мақсатында қаулы етемін:

1. 1994 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер (бұдан әрі - кәсіпорындар) меншік нысандарына қарамастан экспорт және импорт бажын белгіленетін ставкаларға сәйкес теңгемен төлейтін болып белгіленсін.

2. <*>

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылған - ҚР Президентінің 1995.08.02. N 2397 жарлығымен.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесе отырып, 1994 жылғы 15 қаңтарға дейін тауарлар (қызметтер, жұмыстар) экспортынан Қазақстан Республикасына валютаның кепіл түсуіне валюталық бақылау жасау тәртібі туралы Нұсқаулық әзірлеп, бекітетін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

- Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бірлесе отырып, экспорттаушы-кәсіпорындар мен өкілетті банкілердің тауарлар (қызметтер, жұмыстар) экспортынан түскен қаражаттың 30 процентін міндетті түрде ресей рублімен сату туралы 1993 жылы қолданылған ережелерді орындауына байланысты оларға 1994 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде тексеру жүргізсін.

Тексеру нәтижелері бойынша кәсіпорындардың осы аталған қаражатты Қазақстан Республикасы Ұлттық банкіне сатылу күні ол белгіленген бағамен теңгеге сатуын қамтамасыз ететін қажетті шаралар қолдансын;

- 1994 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде экспорт және импорт бажын алу және оларды республикалық бюджетке есептеу Ережесін, оның ішінде тауар айырбастау операциялары бойынша тауарлар әкелу және әкету кезінде баж алу тәртібін бекітсін;

(5-абзац) <*>

- 1994 жылғы 1 қаңтардан бастап, экспорт (импорт) бажын төлеу және валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті түрде сату жөніндегі жеңілдіктерді тікелей беру практикасын тоқтатсын;

- 1994 жылғы бірінші тоқсанда Қазақстан Республикасының аса ірі экспорттаушы-кәсіпорындарына халықаралық стандарттар бойынша аудиторлық тексерулер өткізу үшін конкурстық негізде аудиторлық фирмаларды айқындасын

Ескерту. 4-тармақтың 5-абзацы күшін жойды - ҚР Президентінің 1994.07.14. N 1792 жарлығымен. U941792_

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі валюта операцияларын өткізуге бас лицензиялары жоқ банкілерге валюталық айырбас пункттерін құруға лицензия беру ережелерін оңайлатуды көздесін.

Әкімдер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің аумақтық органдарымен бірлесе отырып, банктерге айырбас пункттерін ұйымдастыруы үшін қажет үй-жайлар беру мүмкіндіктерін іздестірсін.

6. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі мен Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті 1994 жылғы 20 қаңтарға дейінгі мерзімде мемлекеттік маңызы бар өнімдер экспортын жүзеге асыратын мемлекеттік сыртқы экономикалық бірлестіктерге банк қызметін көрсетуді монополиясыздандыру жөнінде шаралар қолдансын.

7. Шет ел валютасына бөлшек сауда жасауға (қызмет көрсетуге, жұмыс істеуге) Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің лицензиясы бар кәсіпорындарға 1994 жылғы 1 ақпаннан бастап төлемге шет ел валютасымен қатар Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгені қабылдау міндеттелсін.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі шет ел валютасына бөлшек сауда жасауға (қызмет көрсетуге, жұмыс істеуге) жаңа лицензиялар беруді 1994 жылғы 1 қаңтардан бастап тоқтатуды көздесін.

8. 1994 жылғы бірінші тоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкін (бұдан әрі Қазақстан Эксимбанкі) құру тиімді болады деп танылсын.

Қазақстан Эксимбанкінің негізгі міндеттері:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің агенті ретінде Қазақстан Республикасы алтын немесе кепілдік беретін сыртқы кредиттерді (кредит арналарын) тарту және оларға қызмет көрсету;

- құрылымдық реформаларды жүргізу және импортты алмастыратын өндірістерді дамыту үшін қажет технологиялар, жабдықтар мен өнімдер

импортын көтермелеу мақсатында Қазақстан кәсіпорындарына кредиттер беру;

- Қазақстан үшін дәстүрлі емес экспорттың дайын бұйымдары мен басқа номенклатурасын экспорттаушыларға кредиттер беру;

- жоғарыда аталған мақсаттарға банкілер беретін экспорттық кредиттер тәуекелін сақтандыру (оған кепілдік беру);

- мамандандырылған халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүддесін білдіру болып табылады деп белгіленсін.

9. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:

- 1994 жылғы 1 ақпанға дейін Қазақстан Республикасының заңдарына тауарлар (қызметтер, жұмыстар) экспортынан еркін айналыстағы валютамен және ресей рублімен түсетін валюта қаражатын жасырғаны, Қазақстан Республикасының өкілетті банктеріндегі шоттарға дер кезінде немесе толық аудармағаны үшін кәсіпорындардың

лауазымды адамдарының жауапкершілігі туралы өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар берсін.

- 1994 жылғы 15 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін осы Жарлықпен сәйкестендіру жөнінде ұсыныстар енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті